

Сандықтау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № А-1/7 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № А-13/407 (нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 3967 болып тіркелген, 2014 жылдың 24 қаңтарында "Сандықтауские вести" газетінде жарияланған) қаулысының;

"Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № А-13/407 " Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Сандықтау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 7 наурыздағы № А-3/55 (нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 4068 болып тіркелген, 2014 жылдың 11 сәуірінде "Сандықтауские вести" газетінде жарияланған) қаулысының;

"Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № А-13/407 " Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы" Сандықтау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 13 мамырдағы № А-6/139 (нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 4221 болып тіркелген, 2014 жылдың 13 маусымында "Сандықтауские вести" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

2. "Сандықтау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық бөлімі осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сандықтау ауданы әкімі аппаратының басшысы С.К.Құдабайға жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК